



**Автор:** Әйгерім Бәкірова Нұрланқызы

**Пән:** Химия

**Сынып:** 8-сынып

**Бөлім:** Химиялық байланыс түрлері

**Тақырып:** Кристалдық тор түрлері, байланыс типтері және заттардың қасиеттері арасындағы өзара байланыс

Сабақтың мақсаты	8.1.4.3.-заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру I. ● Кристалдық тор типтерін білу ● Кристалдық тор типтері бойынша заттың қасиетін түсіну II. ● Әр түрлі кристалдық торы бар заттардың қасиеттерін салыстыру III. ● Заттардың кристалдық тор типтеріне байланысты модельдерін құрастыру
Бағалау критерийі:	<ul style="list-style-type: none"><li>• -Кристалдық тор типтерін ажыратады</li><li>• -Кристалл тор типіне байланысты заттың қасиетін анықтайды</li></ul>
Тілдік мақсаттар	Лексика мен терминология Заттардың күйі: кристалды, аморфты мен сөз тіркестерінің мысалдарын қамтитын тілдік мақсаттарды анықтаңыз. Кристалдық тор түйіні, атомдық кристалдық тор, металдық кристалдық тор, молекулалық кристалдық тор, иондық кристалдық тор Диалог/жазылымға қатысты тіркестер. Кристалл түзетін бөлшектер орналасқан кеңістіктегі нүктелер жиынтығы ..... деп аталады. Кристалдық тордың бөлшектері орналасқан нүктесі кристалдық тор ..... деп аталады.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақтың басы (7 мин)	Ұйымдастыру кезеңі: 1.Сәлемдесу 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Әрбір қатысушы « Менің ізгі тілегім» бойынша көршісіне жағымды ізгі тілегін білдіріп, бүгінгі күнге сәттілік тілейді. 3.Оқушыларды топқа бөлу Қораптан әр түсті шарларды (кристалдық тор құруға арналған) таңдау арқылы 4 топқа бөлу Берілген шарларды бір формаға келтіру арқылы сабақтың тақырыбын ашып, оқушылармен бірлесе мақсаты айқындалады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	<p>Жаңа білімді меңгерту Тж. "Ойлан, жұптас, топтас" әдісі арқылы мәтінмен жұмыс. (әр топқа мәтін беріледі) 1-топ: Иондық кристалдық тор 2-топ: Молекулалық кристалдық тор 3-топ: Атомдық кристалдық тор 4-топ: Металдық кристалдық тор Оқушылар мәтінді жеке оқиды, жұпта, топта талқылайды. Әр топ берілген тақырып бойынша постер қорғайды. Топта бір-біріне сұрақ қояды. Бағалау: «Екі жұлдыз бір тілек» Топтар бірін – бірі бағалайды.</p> <p>Ж. Деңгейлік тапсырмалар(жеке жұмыс) А Кристалдық тор типтерін суретпен сәйкестендір</p> <p style="text-align: center;">В Мына заттарды O<sub>2</sub>, C(графит), CuO, CaCl<sub>2</sub>, H<sub>2</sub>O, F<sub>2</sub>, NaF, HF, N<sub>2</sub>, PH<sub>3</sub>. кристалдық тордың түріне жіктеңіздер.</p> <p>С Берілген шарөзектер арқылы кристалл торлар модельдерін құрастырып, типін анықта.</p> <p>Динамикалықүзіліс "Energizer" (қимылды қозғалыс) Оқушылар кеңістікте геометриялық пішіндерді бейнелеу. (төрбұрыш, шаршы, дөңгелек т.с.с)</p>	
Сабақтың соңы (8 мин)	<p>Сабақты қорытындылау Семантикалық карта Жж. Қ/б: "Бас бармақ" әдісі арқылы бағалау Рефлексия. «3-2-1» әдісі. «Сабақта есімде қалған 3 маңызды ақпарат» «Сабақтағы 2 ең қызықты ақпарат» «Мұғалімге 1 сауал» Уәждеу: Әр оқушыға жеке тұлға ретінде баға беру. (Жарайсың! Сенің қолыңнан келеді. Бүгін сен көп еңбектендің). Үйге тапсырма: ● Кристалдық тор түрлері, байланыс типтері және заттардың қасиеттері арасындағы өзара байланыс ● Ермексаздан кристалдық тор модельдерін құрастыру.</p>	